

"Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне Алматы қаласындағы пайдаланбаған коммуналдық меншік объектілерін заңды сенімді басқаруға немесе шағын кәсіпкерлік субъектілерін жалға таңдап беру туралы Ережені бекіту туралы"

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 04 сәуірдегі N 2/218 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 14 мамырда N 453 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімдігінің 2005 жылғы 26 тамыздағы N 4/546 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімдігінің 26.08.2005 N 4/546 қаулысымен.

Ескерту. Қаулы мәтініндегі және қосымша берілген Қағида атауындағы "Қағида" сөзі "Ережелер" сөзіне ауыстырылды - Алматы қаласы Әкімшілігінің 30.06.2004 N 3/527 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 "Шағын кәсіпкерлікті жандандыруға мемлекеттік қолдауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Жарлығын орындау жолында және Қазақстан Республикасының "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы N 131-1 (2001 жылғы 2 наурыздағы редакцияда) Заңы 9 бабы 7,8 тармақтар талабына сай Алматы қаласының Әкімшілігі қаулы етеді:

1. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне Алматы қаласындағы пайдаланбаған коммуналдық меншік объектілерін заңды сенімді басқаруға беру немесе шағын кәсіпкерлік субъектілерін жалға таңдап беру туралы ұсынылған Ереже олардың Қазақстан Республикасының "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Заңына сәйкес тұрғындарға өндірістік қызметті ұйымдастыру және қызмет көрсету саласын ұйымдастыру үшін, сату-сатып алу (делдалдық) қызметтен басқасы берген мәліметтері негізінде бекітілсін.

2. Алматы қалалық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеті (К.М.Бисқұлтанов) белгіленген заң тәртібінде Алматы қалалық Әділет басқармасында бекітілген Ережені тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Қ.А.Бүкеновке жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

Әкімшілік хатшысы

**Алматы қаласының коммуналдық меншігіндегі
пайдаланылмайтын нысандарды кейіннен меншікке беру
құқығымен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің таңдауы
бойынша олардың "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік
қолдау туралы" Қазақстан Республикасының заңына,
"Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды күшейту
жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы
Президентінің жарлығына сәйкес жалға немесе сенімді
басқаруға тапсырған ақпараты негізінде шағын
кәсіпкерлік субъектілеріне беру тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ**

Алматы қаласының коммуналдық меншігінде пайдаланылмайтын нысандарды кейіннен меншікке беру құқығымен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің таңдауы бойынша жалға немесе сенімді басқаруға олардың тапсырған ақпараты негізінде беруді шағын кәсіпкерлік субъектілеріне Алматы қаласының коммуналдық меншігін басқару Департаментімен келісілгеннен кейін немесе оның бастамасы бойынша Алматы қаласының аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мына тәртіппен жүзеге асырады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері Алматы қаласының аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне мына құжаттарды тапсырады.

1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің , "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Заңның , Қазақстан Республикасының Салық кодексінің және өзге нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келетін кейіннен меншікке беру құқығымен меншікке немесе кейіннен меншікке беру құқығымен сенімді басқаруға құқығына жалдық шарт жасауға өтінім (өтінім нысаны беріліп отыр);

2) шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде мемлекеттік тіркеу туралы құжат немесе жеке адамның куәлігі;

3) жеке конвертке салынған жазбаша түрдегі нысанды пайдалану туралы ұсыныс;

4) ғимараттың бағыныстылығы туралы "Алматы қаласы бойынша қозғалмайтын мүлік Орталығы" РМК анықтамасы;

5) нысанның фотосуреті.

Барлық тапсырылған құжаттар Алматы қаласының аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті кеңсесінде міндетті түрде тіркелуге тиіс.

Өтінім есебін жүргізу үшін арнайы тіркеу журналы ашылады, онда тапсырылған құжаттардың тізбесі және түскен уақыты мен күні көрсетіледі.

Тапсырылған күн мен уақыт сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектісінің өтінімінде көрсетіледі. Сонымен қатар өтінімнің тіркелгендігі туралы анықтама беріледі.

Алматы қаласының аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Алматы қаласының әкімшілігімен, Шағын бизнесті қолдау департаментімен және мүдделі ведомстволарымен бірге бес күн мерзімде мына өлшемдерді ескере отырып ұсынылған материалдарды қарайды:

- 1) құжаттардың толық пакетінің болуын;
- 2) нысанды өндірістік мақсатта немесе халыққа қызмет көрсету саласын ұйымдастыру үшін пайдаланылуын;
- 3) нысандағы кедергінің болмауын (күші бар жалдық қатынас, Жарғылық капиталдың шаруашылық субъектіге қосылуы, жекешелендіруге жатпайтын нысан болуы және т.б.).

Түскен өтінішті қарау нәтижесі хаттамамен ресімделеді. Алматы қаласының аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мен шағын кәсіпкерлік субъектісі арасында мәселе оң шешілген жағдайда 2 күн үшін бір жыл мерзімге кейіннен меншікке беру құқығымен немесе кейіннен меншікке беру құқығымен сенімді басқару туралы жалдық шарт жасайды. Алматы қаласының аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті бас тартқан жағдайда өтініш берушіге бас тарту себебін көрсетіп жазбаша хабар жолдайды (тапсырылған құжаттар жиынының толық болмауы, ұсыныстарда нысанды өндірістік мақсатта пайдалану немесе халыққа қызмет көрсету туралы ниетінің болмауы, қарастырылған нысанда жалдық қатынас болған жағдайда күші бар жалдық шарттың реквизиттері және т.б. көрсетіледі).

Жасалған шартта ол жасалған күннен бастап алты айдың бойында өндірістік қызметті немесе халыққа қызмет көрсетуді жолға қоймаған жағдайда шартты бұзу қарастырылуға тиіс.

Қайтарылған нысан мен мүлік артынша тендерге қойылады немесе меншік иесінің ұйғарымы бойынша қайтадан беру үшін қарауға берілуі мүмкін.

Артынша меншікке беру немесе сенімді басқаруға беру құқығымен жалдау шартының шарттарының орындалуына бақылауды Алматы қаласының аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті жүргізеді.

Артынша меншікке беру немесе сенімді басқаруға беру құқығымен жалдау шартының шарттары тиісті орындалмаған жағдайда жалдау шартының орындалуын тексеру актісі жасалады, жөндеу жұмысы орындалғаннан кейін оған нысан фотографиясы қоса тігіледі, бұдан соң комиссия шешімі бойынша нысан шағын кәсіпкерлік субъектісіне меншікке беріледі. Меншік құқығына кірудің заңи ресімделуі "Алматы қаласы бойынша қозғалмайтын мүлік жөніндегі Орталық" РМК арқылы жүргізіледі.

Жоғарыда көрсетілген шарттарды жасау және оларды бұзу ақпараттық есеп орталығында тіркелуге тиіс.

Егер бір нысанға бірнеше шағын кәсіпкерлік субъектісінен ақпарат түссе, онда белгіленген тәртіппен өтінімді бірінші берген кәсіпкердің ұсынысы қаралады. Кезек Алматы қаласының аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті кеңсесінде өтінім жазылған күн мен тіркеу уақытына сәйкес анықталады.

Алматы қаласының

Әкімшілігінің хатшысы

Алматы қаласының коммуналдық
меншігіндегі пайдаланылмайтын
нысандарды кейіннен меншікке
беру құқығымен шағын
кәсіпкерлік субъектілеріне
таңдауы бойынша жалға немесе
сенімді басқаруға олардың
тапсырған ақпараты негізінде
беру тәртібі туралы ережеге
қосымша

**Алматы қаласының аумақтық мемлекеттік мүлік
және жекешелендіру комитетінің Төрағасына
Жалға немесе сенімді басқаруға беру туралы
Өтінім**

(заңды тұлға толтырады)

(Өтінім берген заңды тұлғаның толық атауы)

1. Коммуналдық меншік мемлекеттік кәсіпорнының
құрамына кіретін _____

_____ мына мекен жайдағы коммуналдық меншік
ғимаратын зерттей келе

_____ мен,

төменде қол

қоюшы, _____

А.Ж.Т. және лауазымы

осы өтінімге қол қоюға өкілетті тұлға, осы өтінімге ұсынылған қосымшаларға сәйкес ғимаратты өндірістік мақсатқа пайдалану үшін (халыққа қызмет көрсету) кейіннен меншікке берілетін жалдау (сенімді басқару) шартын жасауды өтінемін.

2. Егер, біздің ұсыныс қабылданған жағдайда комиссия шешімінен кейін 2 күннен кешіктірмей шарт жасауға міндеттенемін.

3. Осы өтінімді қарау нәтижесі туралы хабарды мына мекен жайға жіберулеріңізді сұраймын:

4. Осы өтінімге мына құжаттар қоса ұсынылады:

Заңды тұлғалар үшін :

1. Жарғы (нотариус куәландырған көшірмесі);
2. Құрылтайлық шарт (нотариус куәландырған көшірмесі);
3. Статистикалық кәртiшке;
4. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
5. Ғимаратты пайдалану жөніндегі ұсыныс (жеке конвертке салынып мөрмен немесе қойылған қолмен расталған).
6. "Алматы қаласы бойынша қозғалмайтын мүлік жөніндегі Орталық" РМК-ның ғимараттың бағыныстылығы туралы анықтамасы;
7. Алматы қаласының Коммуналдық меншікті басқару департаментінің келісімі;
8. Фотосурет.

Жеке тұлғалар үшін:

1. Кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу туралы куәлік немесе жеке куәлік (көшірмесі);
2. РНН көшірмесі;
3. Ғимаратты пайдалану жөніндегі ұсыныс (жеке конвертке салынып мөрмен немесе қойылған қолмен расталған);
4. "Алматы қаласы бойынша қозғалмайтын мүлік

жөніндегі Орталық" РМК-ның ғимараттың
бағыныстылығы туралы анықтамасы;

5. Фотосурет.

_____ үшін
заңды (жеке) тұлғаның атауы

А.Ж.Т. және өкілетті тұлғаның лауазымы

Қолы _____ " ____ " _____ 200 ж.